

## Алматы қаласында Қазақстанның VI Жазғы Арнаулы Ойындарын өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1998 жылғы 14 мамырдағы N 86

1. Қазақстан Республикасы Президентінің жүлделерін тағайындау арқылы 1998 жылдың 28 мамырымен 1 маусымы аралығында Алматы қаласында Қазақстанның VI Жазғы Арнаулы Ойындарын өткізу туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 13 сәуірдегі N 21-12/57 тапсырмасы атқаруға қабылдансын.

2. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің жүлделеріне арналған Қазақстанның VI Жазғы Арнаулы Ойындарына дайындық және оны өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы бекітілсін.

3. Ұйымдастыру комитетіне, Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігіне, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Спорт комитеті - Армияның орталық спорт клубына және "Спешиал Олимпикс Казахстан" республикалық қозғалысына Ойындар өткізілетін, жарыстарға қатысушылар тұратын және тамақтанатын жерлерді дайындау, оларға медициналық қызмет көрсету және Ойындарды өткізу шеңберінде мәдени бағдарламаларды жүзеге асыру арқылы Ойындарды өткізу және ұйымдастыру тапсырылсын.

4. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері Қазақстан Республикасы Президентінің жүлделеріне арналған Қазақстанның VI Жазғы Арнаулы Ойындарына қатысу үшін спорт делегацияларын жіберуді қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі олар тұратын және жарыстар өткізілетін жерлерде қоғамдық тәртіпті және қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жүзеге асырсын.

6. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Ойындарға дайындық және олардың өткізілуі барысын кеңінен көрсетуді қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Ұйымдастыру комитетінің өтінімі бойынша қаржыландыру көзін белгілей отырып Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстанның VI Жазғы Арнаулы Ойындарына қатысушыларға жүлделерді сатып алуға қаражат бөлсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1998 жылғы 14 мамырдағы

№ 86 өкіміне

қосымша

Қазақстан Республикасы Президентінің жүлделеріне арналған Қазақстанның VI Жазғы Арнаулы Ойындарына дайындық және оны өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің

### ҚҰРАМЫ

- В.В.Храпунов - Алматы қаласының әкімі,  
ұйымдастыру комитетінің төрағасы
- Р.А.Кенжетаева - Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Отбасы, әйелдер және демографиялық саясат проблемалары жөніндегі кеңестің хатшысы, ұйымдастыру комитеті төрағасының орынбасары (келісім бойынша)
- Т.М. Досмұхамбетов - Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі Туризм және спорт комитетінің төрағасы, ұйымдастыру комитеті төрағасының орынбасары

### Ұйымдастыру комитетінің мүшелері:

- А.С.Ақпаев - Қазақстан Республикасы Ұлттық олимпиадалық комитетінің президенті
- П.М.Новиков - Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Спорт комитетінің төрағасы
- Б.В.Тутенов - "Специал Олимпикс Казахстан" төрағасы
- Ә.Ж.Ыбыраев - Алматы қаласы әкімінің орынбасары
- А.К.Құлназаров - Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің Туризм және спорт

- Н.К.Қасымов комитеті төрағасының орынбасары  
- Қазақстан Республикасы Білім,  
мәдениет және денсаулық сақтау  
министрлігінің Білім комитеті  
төрағасының орынбасары
- А.Т.Қарайғанов - Қазақстан Республикасы  
Президентінің жанындағы Отбасы,  
әйелдер және демографиялық  
саясат мәселелері жөніндегі  
кеңесінің консультанты  
(келісім бойынша)
- В.В.Каун - Орталық стадион директорының  
міндетін атқарушы
- Г.Е.Есембаева - Алматы қалалық білім  
беру басқармасының бастығы
- А.К.Самратов - "Спешиал Лимпикс Казахстан"  
вице-президенті
- В.В.Солдатенко - Жарыстардың бас төрешісі, КСРО  
еңбегі сіңген спорт шебері
- О.В.Рогозов - Республикалық дәрігерлік-дене  
тәрбиесі диспансерінің бас  
дәрігері
- Т.Т.Мұқашев - "Қалалық безендіру" АҚ директоры

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі